



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ӘОЖ 811.581'367.627:81'255

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМДІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ

Ислам Мәдина Ескендірқызы

Imadina.94@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, филология факультеті, қытай филологиясы мамандығының IV курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Д. Мәсімханұлы

Қытай тілін ана тілі ретінде қолданатындардың менталитеті батыс тілінің өкілдерінің ой-өрісімен салыстырып қарағанда байқайтынымыз, қытай тілі менталитеті үшін нақтылықтың маңыздылығы жоғары. Қытайлық үшін “Ең маңызды міндеттердің бірі...”-деген фразаның еш мәні жоқ, ал егер бұл жерде ең маңызды мәселенің көлемі айтылса, олардың нақты қаншасы маңызды мәселелердің категориясына жатқызуына болатынын, сонымен қатар маңызды мәселелердің арасында ол қандай орын алып жатқаны айтылса ғана, ол фраза қытайлық үшін қажет мағынаға ие болады. Мысалы, “Төрт маңызды мәселенің ішінде үшіншісі ең маңызды болып...” – деген фраза қытайлықтың тілдік санасы тұрғысында, осылай қолданысқа түсіру фомасы дұрыс болып есептеледі. Қытайлықтардың тілдік санасы тұрғысынан барлығын есептеп ретке келтіру аксиома ретінде қабылданады. Осы аксиоманы дәлелдейтін лингвистикалық материалдарды жинау идеясы кездейсоқ пайда болды: қытай сөздерінің ішкі формаларына анализ жасау барысында, біздің назар аударғанамыз – сөздердің құрамында сандардың жиі қолданылуы. Осыған орай қытай сөздерінде сандарды қолданудың мысалдарын жинау идеясы пайда болды. Осылайша зерттеушілер үшін лексикалық материалдар өте қызықты болып көрінді, сондықтан олар алдымен оны жүйелендірмекші болды, содан кейін осы қызықты фактінің негізінде қытайлық тілдік санаға ғана бейімделген менталитет ерекшелігі жасырылып жатыр ма? - деген сұраққа жауап іздеді.

Анна Вежбицкаяның айтуынша, ұлттық тіл мен дәстүрлі ойлау әдісінің ерекшеліктері фактілерінің арасындағы корреляцияларды іздеуде қалыптасқан мәдени стереотиптерден олардың суреттеуіне өту тұрғысынан емес, керісінше тілдік жүйені алалықсыз бақылаудан жалпылауға өту керек. Дәл осы принципті зерттеушілер ұсынған.

Дәстүрлі қытай философиясында сандық жүйе “нумерология” өте маңызды рөл атқарып қана қоймай, сонымен қатар ол халықтың тілдік санасына өз ықпалын қосады. Сандардың сиқырлығы қытай сөздерінің ішкі формасына, сөз тіркесіне, мақал–мәтелдеріне және нумерологиялық формулаларына ықпал етіп, осының нәтижесінде қытай тілінің басқа тілдерге қарағанда, сөз жасау кезінде сандар элементтерін жиі пайдалануға алып келді.

Қытай тіліндегі лексико–фразеологиялық жүйесінің құрылыс материялы ретінде қолданылатын сан есімдерді үш топқа бөлген:

- 1) Жеке сөздер мен сөз тіркестерінің ішкі формасына кіретін сан есімдер;
- 2) Мақал–мәтелдер арасында қолданатын сан есімдер;
- 3) Өзіндік құрылымы бар жоғарыда айтып кеткен “формула - предписаний” сан есімдер.

Егер қазақ тілімен салыстыратын болсақ, қазақ тіліндегі лексико– фразеологиялық жүйелер классификациясы толығымен екі топқа бөлінетіндігін байқауға болады. Бірінші топқа осындай типті сөздерді жатқызуға болады. Мысалы: бірауызды, бір пікірлес, бір енеден, бір басшылық, екі жүзділік, екі жақты, екі ағайынды т.б. Ал, екінші топқа мақал – мәтелдерге лайықты форма түрін жатқызамыз. Мысалы: екіде екім; жеті рет өлшеп, бір рет кесу; тоғыз рет ойланып, тоқсан рет толғанды; тоғыз қырлы тоқсан бір сырлы; тоғыз айып

тартты т.б [3.46]

Қытай тілінде қазақ тіліне қарағанда формула – предписания өте кең тараған. Қандай да ереже жиынтығында кодталған нумерологиялық формулалар кездеседі. Мысалы: Марксизмнің үш бастауы мен үш құраушы бөліктері немесе коммунизм құрушысының он парызы сияқты фразалар сөз тіркесі болып саналуы керек, бірақ бұл сөз тіркестері тілге ежелден бастап тән құбылыс емес, олар белгілі бір тарихи - саяси оқиғаларға байланысты пайда болып, сол тарихи кезеңнің өтуімен бірге қолданыстан шығып кетті.

Ішкі формасының құрамында сандар бар сөздерді екі топқа бөлген. Бірінші топқа – дара санды сөздерді жатқызды, ал екінші топқа – ішкі формасында сандар тобы бар сөздерді жатқызады. Осы зерттеу барысында ол, лексикалық бірлікте сан атауын қолдану, оның мағынасымен тікелей байланысты емес жағдайдағы сөзжасамдар қызықтырды. Зерттеушілердің көңіл бөліп қарастырған мәселесі – сөздің ішкі формасында сандарды жанама уәждемелеп қолдану, әсіресе сан есімді қолдану бір өзіндік метафора болған жағдайлар. Бірақ ерекшелік тудыратын жағдайлар бұл – құрамына сан есімдер кіретін сөздер мен сөз тіркестері кірме сөздер болып табылатын жағдайлар, ал сан есім кірме сөздің бөлігімен фонетикалық тұрғыдан үндес болғандықтан ғана қолданылған. Мысалы: Sanmei концепциясының құрамында (1) мәселені шешу кілті; бір нәрсені іске асырудың ең қолайлы әдісі; 2) белгілі бір саладағы эксперттердің ғана қолы жететін арнайы білім; 3) (Будда ілімінде) айқындылық пен гармония) сан (үш) иероглифі бар, бірақ бұл жағдайда сан есімді ішкі форма элементтеріне жатқызуға болмайды, себебі сөздің өзінде мұндай элемент жоқ. Бұл тек қана санскрит тілінен алынған Samadhi ұғымының фонетикалық әрлеуінің нәтижесі. Бұл ұғым буддизмде «ойға бату», «кемел мазмұн» дегенді білдіреді. Осындай кірме сөздердегі сан есімдерді қолдану семантикалық уәждемеленбеген, яғни мұндай фактілер «ұлттық логиканың» көрінісі бола алмайды. Қытай тілінде сандардың барлық комбинацияларын қолданып сөз жасау моделі басқа тілдерге қарағанда өте кең таралған. Егер бірліктің бойында комбинация сандары қолданылса да, біз оны сөз деп атай алмаймыз. Иероглифтің комбинациясы туралы айтатын болсақ, бұнда сөздерді бір-бірінен бөліп қолданылуға болмайды, себебі қытай мәтіндерінде олар әр уақытта бірге қолданыста жүреді. Сөз терминін қолданған кезде қытай тілінде сөзбен сөз тіркесінің арасында анық шек жоқ екендігін ескеру қажет. Терминологиялық тұрғыдан болу үшін, біз полиграфиялық бірліктерді лексико-фразеологиялық бірлігі деп атаймыз. Қытай тіліндегі тұрақты сөз тіркестеріне еніп, ұйытқы болып тұратын сан есімдер өте көп. Мысалы: бірден онға дейінгі сандар, жүз, мың, он мың, олар тіркес құрамында семантикалық өзгеріске ұшырап, өзінің сандық мағынасын жояды. Әрине, бұндай сандар қазақ тілі мен қытай тілі тұрақты сөз тіркесінде көптен кездесетін болғандықтан, біздің қарастырып отырған мәселеміз – қытай және қазақ халықтарының культтік дүниетанымының негізінде пайда болған «жеті», «сегіз», «тоғыз»сандарымен келетін фразеологизмдерге тоқталамыз.

Үш саны - 三

Қытай тілінде «үш» деген сан жақсы мағынаны білдіреді. Қытай тілінде үш санын «三» секілді үш сызықты иероглифпен белгілейді. Оның мағынасы: жоғарғы сызық – аспанды, ең төменгісі – жерді, ортаңғысы - адамды білдіреді. Демек, аспан, жер, адам үшеуі бір жүйені құрайды. Осыған сәйкес үш саны тікелей осы үш құбылыстың бір-бірімен өзара тығыз байланысын көрсетеді. Даосизм ілімінің көсемі Лаоцзиньның айтуынша үштен барлық нәрсе туылады. Ежелгі Ханзу жұртының ұғымында санау бірден басталып, оннан аяқталады. Бірақ, үштен бастап көбееді. Үш саны осындай сипаты мен қасиетіне байланысты қытай мәдениетінде зор маңызға ие болды.

Көне қытай халқының аңызы бойынша үш деген сан ежелде көптік ұғымды ғана білдіретін, ал оған дейінгі сан ретінде ғылым-техника дамымаған алғашқы қауым кезіндегі ежелгі адамдар арасында санауда тек бір мен екі қолданылған. Одан асып кеткен көптік мағынаны тек үшпен таңбалап, айтатын болған. Ежелгі Қытайда қасиетті сандар ішінде үшпен байланысты көптеген маңызды пікірлер бар. Мысалы: олардың идеясы бойынша күн, ай, жұлдыз үшеуі бірлесіп планета негізін құрайды. Сонымен қатар адам өмірі:

алдыңғы өмірі, қазіргі өмірі, бақилық өмірі болып, үш сатыдан тұрған және адамзат үш түрлі байланыста тұрады деген дүниетаным қалыптасқан. Олар: патша-уәзір, әке-бала, күйеу-әйелі. Үш санының танымдық сипаты қытай халқының әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен ерекше орын алғандығы байқалады. Мәселен, Қытайда үшті үш реттен асырмау керек деген сөз бар. Ол батыстағы бір тал сіріңкемен үш адамға темекі тұтатпайтын дәстүрмен сәйкес келеді. Сондай-ақ, ежелгі Қытай қоғамында әйел адамның құқы туралы айтқанда, әйел өмірінде үш адамның айтқанын орындау керек. Бұл қағида бойынша әйел адам оң жақта отырғанда әкесін тыңдау керек, тұрмысқа шыққан соң күйеуін, күйеуі өлсе ұлын тыңдауы тиіс делінген. Үш саны Қытай қоғамының әр саласында кеңінен қолданылғаны соншамалық феодалдық қоғамға өткеннен бастап қытай қоғамында билікке тағайындалу үшін адамдарға үш түрлі емтихан түрі белгіленеді. Олар: бірінші – аудан басшысы; екінші – облыс басшылығына; үшінші - патша аппаратына тағайындалады.

Цин әулеті кезінде Патша аппаратына қабылданатын адамдарды патша өзі тексереді. Олардың ішінде ең алдыңғы үш адамды қабылдап, бірден үшке дейін, яғни, біріншісін zhuangyuan, екіншісін tanhua деп белгіледі.

Қытай қоғамындағы негізгі үш дін: Дао ілімі, Конфуцийлік, Будда діні болып белгіленді. Будда діні жөніндегі еңбектер үш zang-ға бөлінеді. Бірінші – jinzang, екінші – lu (лүй) zang, үшінші – lunzang. Буддисттер бұл үшеуін де жақсы білетін адамдар деп san zang fa shi деп атады. Мысалы: Батысқа саяхат романының басты кейіпкерін Tang sanzang деп атады.

Демек, қытай халқының сан есімдер жүйесіне байланысты ұғымында бір заттың көптігін білдіру үшін сол заттың иероглифінің үшеуін біріктіріп бір иероглиф етіп жазған. Ағашты білдіретін 木 mu иероглифін алып үшеуін біріктіріп жазсақ, орманды білдіреді. Тасты білдіретін shi иероглифінің үшеуін біріктіріп жазып 磊 lei үйіліп тұрған тастар ұғымын білдірді. Адам дегенді білдіретін ren иероглифінің үшеуін біріктіру барысында zhong (көпшілік) ұғымын білдіреді.

Үш санымен байланысты қытай тілінде көптеген мақал-мәтелдер бар.

San gu mao lu 三顾茅庐 бұл мақалдың мағынасы Chu мемлекетінің негізін қалаушы Любейге мықты бір кеңесші болды. Ол өзіне Zhu ge liang деген кісіні ақылшы етіп алу дұрыс деп тапты. Ол тауда бір кепеде тұрды. Любей оның алдына үш рет барды. Үш ретінде де Zhu ge liang Любей шын ниетпен келген-келмегендігін сынау үшін үйінде болмай, алыстан бақылап тұрады. Үшіншісінде барып сенеді. Келтірілген мақалдың шығу тарихы жайында осындай аңыз пайда болған. Сонымен қатар қытай фразеологизмдерін зерттеген қазақ ғалымдары да үш санының мақал-мәтелдер құрауда ерекше рөл атқарғандығын атап өтеді. Мысалы, Р.Авакова мен П.Дәулетованың құрастырған «Қысқаша қытайша-қазақша фразеологиялық сөздігінде» мынадай мақал-мәтелдер беріледі.

San jian ji kou 三缄其口 – мақаланың мағынасы жұмған аузын ашпау, тіс жармау. Аузын үш қатар жапсырмамен жапсыру дегенді білдіреді.

San nian bu kui yuan 三年不窥园 - үш жыл бойы гүл бағына қарамау. Бас алмай оқу.

San qin liu juan 三亲六眷 - сөзбе-сөз аудармасы үш туысы, алты қатын баласы. Екі туып бір қалғаны.

San sheng you xing 三生有幸 - Будда дінінен келген: Үш өмірінде (өткен, бүгінгі, болашақ) бақытқа кенелеу. Айы оңынан, жұлдызы соңынан туу; бағы жанау.

San shi liu ji, zou wei shang ce 三十六, 走为上策 - 36 істің амалын іздегенше, ең жақсы амал – сол істен қашу. Аш бөледен қаш бөле.

San shi san tian 三十三天 Будда дінінен келген: 33 қат аспан. Алты қабат аспан.

San si er xing 三思而行 – үш рет ойланып барып әрекет ет. Жеті рет өлшеп бір рет кес, кеңесіп пішкен тоң келте болмас.

San tou liu bi 三头六臂 - Будда дінінен келген: үш басты, алты қолды. Сегіз қырлы бір сырлы; темірден түйін түйген.

San zhe gong, wei liang yi 三折肱, 为良医 - Қолын үш рет сындырып, нәтижесінде

жақсы дәрігер болып шығу. Көре-көре көсем болар, сөйлей-сөйлей шешен болар.

San ge chou pi jiang, sai guo yi ge Zhu Ge Liang 三个臭皮匠, 赛过一个诸葛亮 –

Үш көнші бір Чжу Гы Лианнан озады. Көп түкірсе көл болар, деген мағыналарды білдіреді. [1. 27-28]

Jiao tu san ku 狡兔三窟 - мақалдың мағынасы «қоян ұясының үш тесігі бар». Бұл мақалда үш көп деген мағынаны көрсетіп отыр.

Үш санына байланысты айтылған кейбір сөздер тұрақты тіркеске айналып кеткендігін көруге болады. Айталық, San ren cheng hu 三人成虎 тұрақты тіркесінің шығу тарихы былай болған: Ертеде бір уәзір жолға шығар алдында билеушісіне базарда бір жолбарыс жүр деп бір рет айтса сенесіз бе?, деген екен. Ал, екіншісінде ше десе ойланып қаламын депті. Ал үшіншісінде ше десе сенемін депті.

Қытайлар кейіннен көптік мағына беретін деген сөзді san sheng тіркесімен алмастырған. Сонымен қатар қытайлар ата бабасына құрбандық шалғанда үш түрлі затты құрбан еткен. Олар: шошқа, қой, сиыр.

Қытайларда үш сәуле, нұр деген ұғым да бар. Олар: күн, ай, жұлдыз.

Үш өнер деген де ұғым бар. Олар: өлең жазу, сурет салу, кітап жазу.

Аталған ұғымдардан бөлек, үш санының танымдық қасиетіне байланысты көптеген мысалдарды келтіруге болады. Мысалы, Конфуцийдің қатар келе жатқан үш адамның бірі сенің ұстазың деген түсінік қалыптасқан. Қытай халқының дүниетанымында ежелден бастап үш құдіретті құдайға табыну бар. Олар: Аспан құдайы, жер құдайы, ежелгі ата-баба. Сонымен бірге үш деген санның толық, барынша жақсы деген жасырын мағынасы да бар. Тұрмыс-тіршілікте адамдар еріксіз үш деген санмен жұмысты тұжырымдайды. Әрекеттеріне жол көрсеткен. Мысалы: үйлену тойында үш рет сәлем салған және біреудің қазасына үш минут үнсіздік жарияланады. Олар неге бес немесе төрт минут демейді. Себебі жоғарыда айтылған үш – толық, жеткілікті деген ұғымдарды білдіріп отыр. Адам өмірінде үш санының маңызы көп. Қытайдың тағы бір мақалына тоқтала кетсек.

新官上任三抱火(Xin guan shang ren san bao huo) – (жаңа әкім үш от қояды). Мағынасы жаңа билеуші көп реформа жасайды деген сөз.

冰冻三非一日之寒(Bing dong san chi fei yi ri zhi han) – (мұздың үш қарыс болып қатқаны бір күндік суытқан емес).

不孝有三无后未答(Bu xiao you san wu hou wei da) – мағынасы әке-шешені құрметтеудің түрі көп. Ең оңбағаны, ең жаманы ұрпақ қалдырмау. Қытайда халық ең ыстық кездері san fu 三复, ең суық кездерді san jiu 三九 деп атайды.

«Үш» саны қазақ халқының салт-дәстүріне қатысты наным-сенімдерде көптеп кездеседі. Мысалы, «Үш қайнаса, сорпасы қосылмайды», «үш ұйықтаса түсіне кермеген» деген мәтелдердің мағынасы «Ешбір басы бірікпеді», «ойына ешнәрсе кіріп шықпаған» деген мәнге сәйкес келеді. Ал, «Ер кезегі үшке дейін» деген мақал да осы сарындас. Бұл келтірілген мысалдардан қазақ пен қытай халықтарының дүниетанымындағы ортақ сарынды байқауға болады. Себебі, екі халықтың да келтірілген мақал-мәтелдерінде үш саны толық, кемел деген мағынаны береді. Сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетінде «...ертеде біреудің үш баласы болыпты...» немесе хан үш қайтара сұрапты деген сияқты «үш» саны есімімен байланысты сөздер жиі кездеседі.

«Үш санына байланысты қалыптасқан ұлттық ұғымдар көптеп кездеседі. Мәселен, қазақта «Үш жұрт» деген ұғым бар. Олар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. «Үш байлық» бар. Олар: Денсаулық, ақ жаулық, он саулық. Бұл келтірілген мысалдардан бөлек, «Үш би», «Үш дана», «Үш арыс», «Үш қат», «Үш қуат», «Үш ғайып», «Үш арсыз», «Үш дауасыз», «Үш қадірлі», «Үш қадірсіз», «Үш жамандық», «Үш жақын», «Үш ақиқат», «Үш қуаныш», «Үш биік», «Үш тоқтам» және т.б. «үш» санына қатысты айталатын ұғымдарды көптеп санауға болады.

Қорыта айтқанда, «үш» санының қасиетіне, киелілігіне, танымдық сипатына байланысты қытай мен қазақ халықтарында жалпы шығыстық таным-түсінікке жататын

ортақтық бар секілді. Демек, ежелден аралас-құралас келе жатқан көрші жатқан екі елдің дүниетанымында, философиясында, мәдениетінде мұндай жақындықтың барлығы табиғи заңдылық деп қарауға болады.

Алты саны – 六

Қазақ халқының ұғымына бір, үш, жеті, тоғыз, он үш, қырық және т.б. сандардың өзіне тән танымдық сипаттары екені белгілі. Сол сияқты біз осы зерттеу ұғымдарының таңбалық сипатымен қытай тіліндегі төрт, алты, тоғыз, қырық төрт, төрт жүз қырық төрт және басқа да сандық танымдардың халық жанындағы түсінігін салғастыра зерделеуге талпынамыз. Айталық, қытай халқының таным-түсінігінде қандай да бір зат не құбылыстың төрт санына басқа жұптық ұғымдарды білдіретін мынадай көзқарас бар: дүниедегі барлық тіршілік пен зат атаулының бәрі Yin 阴, Yang 阳, яғни күн мен түн, зұлымдық пен мейрімділік сияқты бірі біріне кереғар екі құбылыстардың негізінде жаратылған. Мұндай дүниетанымның негізінде философиялық Дао ілімінің жатқаны пәлсапашы ғалымдардан басқа оқырман қауымға құпия екені аян. Аталған ілімнің ұстанатын негізгі принципі бойынша Yin мен Yang – ақ пен қара, жақсылық пен жамандық секілді өзара тең, кереғар пікірлер. Демек, осы бір-біріне қарама-қарсы Yin мен Yang біріккенде ғана әлемдегі түрлі заттардың пайда болуына тікелей әсер етеді. Осындай философиялық ілім нәрінен сусындаған қытайдың рухани мәдениетіне төрт санынан басқа жұп сандарының дені жақсы мағынаны, қасиетті ұғымды білдіреді. Қытай халқының дүниетанымы бойынша кез келген жағдайда, оқиғада жақсылықтың екі-екіден, жұп-жұбымен қатар келуін қалайды. Мысалы, үйлену тойында қуанышты, жақсылықты білдіретін «喜»(xǐ) - иероглифінің екеуіне де кереғар бірдей тең іліп қояды. Сонымен қатар қытайларда сиға тартатын заттары да жұп санды болып келеді. Қалыптасқан осындай ұғымға байланысты қытайлар біреуге тілек айтатын болса, осы алты санын кең қолданады. Мысалы, Liu liu da shun 六六大顺 тіркесінің мағынасы – сәттілік тілеймін. Мұндағы 六 [Liu] «алты» саны сәттілік сөзімен мағыналас келеді. Бұл жердегі liu «алты» сөзі мен lu «жол» сөздері жоғарыда берілген тіркесте бір-бірімен мағыналас болып келеді. [2. 38-39]

Қолданылған әдебиет

1. Корнилев О. А. Жемчужины китайской фразеологии. –М.: ЧеРо, 2005, 26-276
2. Щичко В. Ф. Китайский язык. Теория и Практика перевода, 2004, 38-396
3. Издательство “Шаньу”, Большой словарь китайских фразеологизмов, 2005, 466

УДК 81'272'276=512.122=581=1611

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЗАПРЕТНЫХ СЛОВ ТАБУ И ЭВФЕМИЗМ НА КАЗАХСКОМ, РУССКОМ И КИТАЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Кошкарров Ерден

koshkarov_92@mail.ru

студент 4 курса по специальности «Иностранная филология: китайский язык»

Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель — Биримкулова Гульнара Усербаевна

Табуизвфемизмы существуют во всех языках мира. А также на казахском, русском и китайском языках табу тоже имеет свое особое место. Хотя эти слова редко употребляются в наше время, существуют с давних времен и играют важную роль в быту. Табу появилось в результате страха за свое будущее, а также из мифологических поверий. Табу переводится с индонезийского языка — запретить. Есть синонимы, как : тапу, тамбу. 1771 году английский военный мореплаватель Джеймс Кук привез в Европу с полинезийского острова. Вопросами происхождения и употребления табуированных слов занимается лингвокультурология.

Для того, чтобы ознакомиться с определением табу, можно сослаться на дефиницию